



мамыр 2015 жыл

www.kgu.kz

№6(88)



Іс-шара Мемлекеттік Ту мен Президент Байрағының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының Тәуелсіздік сарайының Үлкен залына салтанатты жағдайда әкелінуінен басталды.

Мемлекет басшысының кортежі «Ақорда» резиденциясынан Тәуелсіздік сарайының басқы есігінің алдына келді. Осы жерде жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Президентіне Мемлекеттік күзет қызметінің бастығы А.Күреңбеков рапорт берді.

Нұрсұлтан Назарбаев артиллериялық отпашу болып жатқан кезде Тәуелсіздік сарайына кірді.

Тәуелсіздік сарайының Үлкен залында Конституциялық Кеңес төрағасы И.Рогов

Конституцияның 42-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті халыққа ант берген сәттен бастап лауазымына кірісетінін мәлімдеді.

Нұрсұлтан Назарбаев оң қолын Конституцияға қойып:

– Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін! – деп, мемлекеттік тілде ант берді.

Содан кейін Елбасы Мемлекеттік туды сүйді. Мемлекеттік әнұранды орындау ба-

Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына ресми кірісу рәсімі

рысында 21 рет зеңбіректерден оқ атылды.

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қ.Тұрғанқұлов Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырды.

Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінде сөйлеген сөзінде Президент сайлауы қоғам бірлігінің қуатын паш еткеніне тоқталды.

– Қазақстандықтар маған ұлы сенім көрсетіп, Отанға тағы қызмет етуге шақырды. Біз күрделі жолды бірге жүріп өттік: өзімізге сеніп, Тәуелсіздігімізді алдық, мемлекет құрып, әлемге жаңа Қазақстанның есігін аштық, өзімізді біртұтас ұлы ұлт ретінде таныттық. Сіздердің сенімдеріңіз мені әрдайым шабыттандырды, сенімділік пен күш-қуат берді. Қазір барлық жауапкершілікпен айтқым келеді: бұған дейінгі жылдардағы сияқты халыққа адал қызмет етіп, елдің және барлық азаматтарымыздың амандығын сақтап, жалпыұлттық биік мүдделерімізді қорғайтын боламын, – деді Қазақстан Президенті.

Қазақстан Президенті реформаларды орындау үшін күш-жігер жұмылдыру қажеттігін айтты.

– Таяу арада ел Президентінің жанынан Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құрылатын болады. Оның мақсаты – бес реформаның кезек-кезеңімен жүзеге асырылуын басқару және мемлекеттік органдардың, бизнес секторы мен азаматтық қоғамның іс-қимылын үйлестіру. Ұлттық комиссия жанында құрамына беделді шетелдік және қазақстандық сарапшылар кірген Халықаралық консультативтік кеңес әрекет ететін болады. Бұл ең озық халықаралық тәжірибені пайдалануға септігін тигізеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы комиссияның бірінші отырысында «мемлекет құру ісіндегі ендігі 100 нақты қадам» Ұлт жоспары таныстырылатынын айтты.

– «100 қадам» – біздің жаһандық және ішкі сын-көтерлерге қарсы жауабымыз, сонымен бірге дамыған отыз мемлекеттің қатарына жаңа тарихи жағдайларда қосылу жөніндегі жоспар, – деді Қазақстан Президенті.

Сонында Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мемлекеттің күш-қуаты мен халықтың даналығына сүйене отырып, барлық міндеттерді жүзеге асыра алатынын айтты.

– Мен ұлтқа өзім жариялаған реформаларға кеңінен атсалысу жөнінде сөз арнаймын. «Республика» сөзі латын тілінен тікелей «ортақ іс» деп аударылады. Қазақстанның жаңғыртылуы – біздің ортақ ісіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Сөзін аяқтағаннан кейін ел Президенті – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Бас қолбасшысы Тәуелсіздік сарайы алдындағы алаңда Қорғаныс министрі И.Тасмағамбетовтің рапортын қабылдады. Мемлекет басшысының алдынан Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің өкілдері салтанатты түрде шеру тартып өтті.

Іс-шараға барлығы 3 000-ға жуық адам шақырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы 2015 жылғы 26 сәуірде өтті. Қазақстан Республикасы Орталық Сайлау комиссиясының мәліметі бойынша, дауыс беруге 9 090 920 адам немесе сайлаушылардың 95,21 пайызы қатысқан. Нұрсұлтан Назарбаев сайлаушылардың 8 833 250 дауысына ие болды, бұл – дауыс беру рәсіміне қатысқан сайлаушылар дауысының 97,75 пайызы.

Құттықтаймыз!

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ә.Ә.Әбжаппаровты Қазақстан халқының бірлігін нығайту және қоғамдық келісімді қамтамасыз ету ісіне қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев тағайындаған «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медальін алуымен құттықтаймыз.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ ұжымы



Поздравляем!

Ректора Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова, профессора Абжаппарова А.А. с наградением юбилейной медали «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл», учрежденной Президентом Республики Казахстан Н.Назарбаевым, за значительный вклад в укрепление общественного согласия и обеспечение единства народа Казахстана.

Коллектив КГУ им. Ш.Уалиханова



Құрметті әріптестер, қызметкерлер және студенттер қауымы!

Сіздерді бейбітшілік пен келісім үлгісінің барша қазақстандықтардың тұтастығының жарқын көрінісіне айналған 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Осынау бір көктемнің жадырап жайнаған мерекелі күні баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт тілеймін.

Бәріңіздің отбастарыңыз аман болып, шаңырақтарыңыздан ынтымақ, ырыс-береке кетпесін, ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының игілігі үшін жаңа жетістіктерге жете берейік!

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлік мәңгі жасай берсін!

Халқымыздың бірлігі жарасып, Мәңгілік Елдің жұлдызы жана берсін!

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры Ә.Ә.Әбжаппаров

Уважаемые коллеги, сотрудники и студенты!

От всей души поздравляю Вас с Днем 1 мая - Праздником единства народа Казахстана, который превратился в замечательную традицию для нашего многонационального общества, яркий символ мира и согласия!

В этот замечательный весенний день желаю Вам праздничного настроения, здоровья на долгие годы, успехов во всех делах, благополучия родным и близким, процветания нашему общему дому – Республике Казахстан!

День единства Казахстана – это праздник казахстанского патриотизма, преданности стране, народу, любви к земле отцов. Главным условием создания мирной, спокойной жизни остается принцип сохранения единства народа, укрепление его могущества, способность понимать и поддерживать друг друга!

Ректор Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова Абжаппаров А.А.



Құрметті ардагерлер мен тыл еңбеккерлері, әріптестер!

Сіздерді Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен Елордамыздың гүлденуі де – осынау атаулы мерекенің жемісі.

Сіздердің ерліктеріңіз – біздің жүрегімізде мәңгі сақталады, фашизмді жеңген батырлардың өшпес даңқы мәңгі шуақ шашатын болады. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен

патриотизм рухында тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз!

Құрметті ардагерлер! Сіздерді ұлы мереке - Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңыздың дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілеймін!

Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Мерекелеріңізбен, қымбатты ардагерлер!

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры Ә.Ә.Әбжаппаров

Уважаемые ветераны, труженики тыла и коллеги!

Поздравляю с 70-летним юбилеем Победы и Великой Отечественной войне! Этот праздник – символ патриотизма, героизма и отваги людей, защищавших нашу Родину.

Великая Отечественная война и память о ней – часть общей истории многонационального Казахстана. Мы никогда не забудем подвиг старшего поколения, грудью заслонившего страну и спасшего мир от фашизма.

Мы, потомки участников войны, низко склоняем головы перед всеми, кто шел на встречу смерти в боях во имя спасения Родины, кто своим героическим трудом в тылу приближал Победу, кто поднимал страну из руин после войны.

Дорогие наши ветераны! Мы преклоняем головы перед Вами, ставшими для нас примером героизма, мудрости и трудолюбия. Желаю Вам крепкого здоровья, долгих лет жизни. Счастья, добра и благополучия Вам и Вашим близким и родным!

Ректор Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова Абжаппаров А.А.

Кокшетауский государственный университет имени Ш.Уалиханова принят в Европейскую ассоциацию университетов (ЕАУ)



Вступление Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова в Евразийскую ассоциацию университетов

Решение о приеме Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова в Евразийскую ассоциацию университетов принято 15 апреля 2015 года на XIII Съезде Ассоциации. Съезд состоялся в Санкт-Петербургском государственном экономическом университете. В работе XIII Съезда принял участие ректор Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова Абжаппаров Абдумуталип Абжаппарович.

Евразийская ассоциация университетов была создана по инициативе Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова в 1989 году как Ассоциация университетов СССР. Инициатива Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова была тогда поддержана двадцатью крупнейшими университетами Советского Союза. В 1992 году Ассоциация была преобразована в Евразийскую ассоциацию университетов.

Сегодня Евразийская ассоциация университетов – авторитетная и влиятельная международная организация университетов. В нее входят национальные университеты всех стран Содружества Независимых Государств, ведущие региональные университеты и высшие учебные заведения стран Евразийского пространства.

Сегодня Евразийская ассоциация университетов – авторитетная и влиятельная международная организация университетов. В нее входят национальные университеты всех стран Содружества Независимых Государств, ведущие региональные университеты и высшие учебные заведения стран Евразийского пространства.



Высшим руководящим органом Евразийской ассоциации университетов является Съезд Ассоциации. Всего за эти годы состоялось 13 съездов. Они проходили в Москве, Киеве, Баку, Ашхабаде, Казани, Минске, Астане, Санкт-Петербурге. На Съездах Евразийской ассоциации университетов рассматриваются проблемы развития национального образования, задачи сохранения единого образовательного пространства и обеспечения эквивалентности университетских дипломов, развития сотрудничества университетов – членов Ассоциации в области образования и университетской науке, основные учебно-методические вопросы совершенствования университетского образования.

Президентом Евразийской ассоциации университетов является Виктор Антонович Садовничий – ректор Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова, вице-президент Российской академии наук, академик.

В настоящее время Евразийская ассоциация объединяет 130 университетов Азербайджана, Армении, Беларуси, Грузии, Казахстана, Кыргызстана, Латвии, Молдовы, России, Таджикистана, Туркмении, Узбекистана и Украины.

Вступление Кокшетауского государственного университета им. Ш. Уалиханова в столь престижную организацию является ярким признанием университета Евразийскими партнерами.

Мансап Орталығының ашылуы



2015 жылдың 17 наурызында Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің бас оқу ғимаратында түлектердің сапалы жұмыс орындарын құруға және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін Мансап орталығының салтанатты ашылуы рәсімі өтті.

Шараға Орталық Азиядан атап айтсақ, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстанның ЖОО-ның 544126-TEMPUS -1-2013-1-ES- TEMPUS –JPHE UNIWOK «Түлектердің сапалы жұмыс орындарын құру және жұмыс орналасу мүмкіндіктерін кеңейту үшін Орта Азияның ЖОО-да Мансап орталықтарын нығайту» жобасы бойынша қызмет етіп жүрген өкілдері қатысты.

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Ә.Ә.Абжаппаров жиылған қауым мен келген қонақтарды Мансап Орталығының ашылу салтанатымен құттықтап, болашақта осы игілікті бастаманың жан-жақтан қолдау тауып, үлкен жетістіктерге жетуіне тілектестік білдірді. Сондай-ақ, шетелден келген осы жобаның үйлестірушісі Аликанте университетінен Кристин Бинс өз лебізін жеткізіп, ЖОО арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі нығайып, дами түсетініне деген сенімін білдірді.

Жоба миссиясы: UNIWOK Ш.Уәлиханов атындағы КМУ мен өндіріс арасындағы байланыстарды нығайтуға бағытталған. Жоба Болон қағидаларына және ЕМПУС басымдықтарына сәйкес студенттердің кәсіпкерлік мәдениетін арттыруға және түлектердің жұмысқа орналасуына тиімді ықпал етеді, ЖОО әлеуетін арт-

тыру арқылы Солтүстік өңірдің тұрақты дамуына мүмкіндік береді.

Жоба міндеті: - Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-де Мансап орталығын құру және студенттер арасында жұмыспен қамту мен кәсіпкерлікті қолдау және көтермелеудің тиімді құралдарын туғызу.

- Университеттер мен кәсіпорындар арасындағы байланыстарды нығайту, Мансап орталығының жұмысына кәсіпорындардың белсенді қатысуы үшін құралдар мен механизмдерді әзірлеу.

- Орта Азияның 12 университетіндегі Мансап орталықтарын студенттер арасында жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті көтермелеу мен қолдаудың тиімді құралдарына айналдыру, сондай-ақ басқа әріптес-мемлекеттердің университеттеріне үлгі болу.

- Мансап орталығына кәсіпорындар мен мүдделері сәйкес келетін тараптарды белсенді тарту үшін құралдар мен механизмдерді дамыта отырып, университет пен кәсіпорындар арасындағы қатынастарды нығайту.

UNIWOK қызметі мен оның тұрақты нәтижелері Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-ге ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның бүкіл Солтүстік өңірі үшін де пайдалы болары сөзсіз.

Шара соңында UNIWOK жобасының өкілдеріне университет атынан арнайы сертификаттар табысталып, сыйлықтар берілді.

Бұл іс-шараға БАҚ өкілдері де қатысты. Аталмыш шара естелік фотосуретке түсумен аяқталды.

Семинар-тренинг в рамках проекта TEMPUS 2013 UNIWOK

«Укрепление Центров Карьеры в вузах Центральной Азии для расширения возможностей выпускников в трудоустройстве и создании качественной занятости»

С 4 мая по 7 мая 2015 года в Самаркандском Государственном Университете (г. Самарканд, Узбекистан) состоялся обучающий семинар-тренинг на тему «Предприимчивость и поддержка предпринимательской деятельности» в рамках проекта TEMPUS 2013 UNIWOK «Укрепление Центров Карьеры в вузах Центральной Азии для расширения возможностей выпускников в трудоустройстве и создании качественной занятости» с участием профессоров из Европейских университетов-партнеров (Великобритания, Австрия и Испания) и сотрудников Центров Карьеры из стран Центральной Азии.

В ходе семинара европейские коллеги поделились опытом проведения тренингов по предпринимчивым навыкам, предпринимательской деятельности, онлайн курсов по предпринимательству, организации идей по бизнес ком-

петенциям и бизнес-планированию, а также ознакомились с различными мероприятиями по проведению конкурсов по бизнес компетенциям и программой «Enactus». На семинаре были представлены учебные модули развития предпринимательских навыков, различные проекты по бизнес компетенциям и предпринимательским возможностям. Участники семинара задавали интересующие вопросы тренерам из Европейских Университетов, выполняли различные групповые, практические задания, а также рассказали о развитии предпринимательства и поддержке предпринимательской деятельности в странах Центральной Азии.

По окончании тренинга всем участникам были вручены сертификаты.

Гулим Искакова
Менеджер отдела европейских программ и развития полиязычия



РОЛЬ РАБОТОДАТЕЛЕЙ В ОБЕСПЕЧЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ

В Кокшетауском государственном университете им.Ш.Уалиханова всегда большое внимание уделяется содержанию образования, так как формирование у выпускников необходимых компетенций, как профессиональных, так и универсальных, например, умение работать в команде, способность самостоятельно учиться, и, как результат, их востребованность на рынке труда сегодня является основным показателем качества подготовки кадров.

Учебные заведения, имея обязательный компонент, утвержденный Государственным общеобязательным стандартом образования и типовыми учебными планами специальностей, вместе с тем обладают достаточной автономностью (до 65% учебного плана носит элективный характер), поэтому вполне могут определить содержание образовательной программы в соответствии с требованиями, предъявляемыми рынком труда к подготовке выпускников.

Так с 2012 года мы начали подготовку специалистов по модульным образовательным программам, ведется постоянная работа по совершенствованию образовательных программ с учетом мнения всех заинтересованных сторон. Работа проходит в два этапа. Работодатели в условиях широкого использования в производстве инноваций, передовых знаний и технологий, формирования и развития глобальных рынков труда нуждаются в новых специалистах. Поэтому применяя на первом этапе различные формы работы с представителями рынка труда – круглые столы, семинары, встречи, конференции – мы активно взаимодействуем с работодателями в формировании компетенций выпускников и содержания образования.

Например, кафедра «Финансов и менеджмента» провела круглый стол на тему: «Инновационные модели взаимодействия работодателей, социальных партнеров и университета», на который были приглашены представители областных филиалов коммерческих банков: АО «АТФ Банк», АО «Сбербанк», АО «Цеснабанк», АО «Банк ЦентрКредит», АО «Народный банк Казахстана», АО «Жилстройсбербанк Казахстана», представители Департамента государственных доходов по Акмолинской области, представители ТОО МФО «КМФ» и ТОО «Жеке Батыр», преподаватели кафедры, студенты выпускных курсов. В рамках открытого диалога между всеми участниками круглого стола, были обсуждены многие вопросы содержания образовательных программ для специальностей «Финансы» и «Менеджмент», внесены предложения по внедрению дисциплин, таких как «Деловая психология», «Тайм-менеджмент», рассмотрены вопросы прохождения профессиональной практики и потенциального трудоустройства.

Представители банков второго уровня и других финансовых организаций активно и открыто делились своим мнением об уровне подготовки специалистов, а также выражали свое мнение о тех компетенциях и навыках, которые они, как потенциальные работодатели, хотели бы видеть в молодых специалистах. Также опытные руководители делились своим личным опытом построения карьеры в финансовой сфере и советами молодым будущим коллегам.

В 2015 году учебно-методической службой был изменен формат второго этапа - защиты образовательных программ на 2015-2019 годы



обучения. Эта процедура проходила согласно утвержденного графика, заведующие кафедрами представляли образовательные программы в присутствии представителей рынка труда, выпускников прошлых лет и преподавателей кафедры. Кроме того, были приглашены студенты 4 курсов, которые смогли получить представление о качестве полученных знаний на прошедшей производственной практике и могли высказать свое важное мнение о содержании дисциплин и программы в целом.

Так по специальности 5B080100-Агрономия была представлена образовательная программа «Агротехнология». Выбор этого направления подготовки специалистов был определен особенностями развития сельского хозяйства региона. На защите образовательной программы работодатели представляли руководители и специалисты Акмолинской областной территориальной инспекции в АПК МСХ и ГУ Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов в АПК МСХ РК. Работодатели отметили хороший уровень подготовки кадров по этой специальности, но, вместе с тем, предложили включить дисциплины, связанные с развитием тепличного производства, которое сегодня становится актуальным направлением в сельском хозяйстве, при этом они отметили необходимость знания выпускниками основ бухгалтерского учета.

По специальности 5B042100-Дизайн были представлены две образовательные программы «Архитектурный дизайн» и «Графический дизайн». При активном участии руководителей ТОО «Дизайн Ландшафт» и рекламного агентства «АРТ Кокше», выпускников и студентов были высказаны предложения по увеличению объемов дисциплин, связанных с применением компьютерных программ.

На защитах образовательных программ по педагогическим специальностям присутствовали учителя и руководители различных школ и лицеев города - Профильная школа-гимназия полиязычного обучения № 3 имени М. Габдулина, Назарбаев интеллектуальная школа г Кокшетау, СШ № 1, СШ №18, Областная спе-

циализированная школа-интернат №3 для одаренных детей, ОСДЮСШОР № 2, Школа высшего спортивного мастерства УТФКиС Акмолинской области, а также представители ГУ Отдел образования г. Кокшетау.

В активном диалоге обсуждались вопросы о необходимости включения в образовательные программы дисциплин, связанных с инклюзивным образованием, развитием навыков проектной работы со школьниками, педагогического мастерства.

Так на специальности 5B011800-Русский язык и литература учителя предложили внести в образовательную программу дисциплину «Детская литература», как необходимый компонент для уроков в среднем звене школы.

Учителя начальных классов обосновали необходимость увеличения объемов дисциплин по математике, языку и литературе в образовательной программе по специальности 5B010200 Педагогика и методика начального обучения.

По специальности 5B011600 География была представлена образовательная программа «География и экология». Учителя КСШ № 1 (с. Красный Яр) предложили изменить последовательность изучения некоторых дисциплин в соответствии со школьным курсом географии.

Многие представители школ ставили вопрос о необходимости проведения первой активной педагогической практики на третьем курсе. В процессе обсуждения был определен перечень специальностей, на которых это необходимо сделать, так как содержание дисциплин большое и методика их преподавания в среднем и старшем звене школы несколько различается – это специальности «Математика», «Физика», «Русский язык и литература», «Иностранный язык: два иностранных языка».

На защите по специальности 5B070100 Биотехнология была представлена образовательная программа «Биотехнология биоорганических соединений». Представители филиала Национального центра биотехнологии (г.Степногорск) предложили ввести в образо-

вательную программу дисциплины «Производство ферментов» и «Основы химического анализа», так как эти дисциплины необходимы тем выпускникам, кто будет трудоустроен на этом предприятии. В процессе обсуждения была достигнута договоренность об открытии филиала кафедры на АО «Кокшетауминвод», и определены дисциплины, по которым практические и лабораторные занятия будут проходить на предприятии.

На защите образовательной программы «Организация туроператорских и турагентских услуг» по специальности 5B090200 Туризм и образовательной программы «Технология обслуживания и сервис» по специальности 5B091200-Ресторанное дело и гостиничный бизнес представители Управления туризма Акмолинской области, турфирмы ТОО «Жолымбет», ресторана «Самрук», кафе «Сыр-Сулу», гостиницы «Достык», отеля «Плаза» отметили необходимость увеличения объемов кредитов, отводимых на изучение иностранного языка, что сегодня является необходимым условием востребованности на рынке индустрии туризма и гостеприимства.

Защиты прошли 45 образовательных программ различных направлений бакалавриата. Особенно хочется отметить активную позицию студентов 4 курса, которые открыто высказывали свое видение содержания образовательных программ по последовательности изучения дисциплин и, иногда, по их содержанию. В целом предложенные образовательные программы отражают потребности региона в подготовке кадров для всех сфер – образования, производства, сельского хозяйства, и сферы услуг.

Успешное развитие взаимных отношений Кокшетауского государственного университета им.Ш.Уалиханова с работодателями продолжается:

- заметно увеличилось число учебных курсов по запросам работодателей;
- учитываются потребности предприятий и организаций при введении новых траекторий образования и открытии новых образовательных программ;
- регулярно привлекаются работодатели и специалисты-практики к разработке и обсуждению образовательных программ, в том числе предполагаемых результатов обучения;
- пересмотрено содержание программ профессиональных практик;
- работодатели привлекаются к проведению занятий, в том числе на базе филиалов кафедр в ТОО «Евразия групп» по специальностям сельско-хозяйственного направления, в филиале АО «Цеснабанк» и ТОО «Софтмастер» по специальностям экономического направления, в ресторанно-гостиничном комплексе «Самрук» по специальностям индустрии гостеприимства и других.

Таким образом, возрастает роль работодателей в обеспечении качества образования, предоставляемого вузами, так как они получают реальную возможность влиять на содержание программ и учебных курсов и процессы формирования профессиональных компетенций выпускников.

ИСКЕНДИРОВА С.К.,
к. э.н., доцент,
руководитель
учебно-методической
службы

Географ Мазбаев О.Б. в КГУ им. Ш.Уалиханова

Огромное спасибо ректору КГУ им. Ш. Уалиханова, д.т.н., профессору Абжаппарову А.А. за приглашение на кафедру географии, экологии и туризма замечательного человека, уникального учёного, доктора географических наук, профессора Евразийского национального университета им. Гумилёва, заслуженного инструктора РК, почётного работника туризма, отличника образования РК, академика Московской академии ДЮТК и МАИИ, автора 320 публикаций, электронных мультимедийных учебников по физической географии, учебных пособий и учебников по географии и туризму Мазбаева Ордена Белибековича - Советника Столичной Ассоциации Туризма.

У Ордена Белибековича богатый опыт по авто-мото и пустынному пешеходному туризму: участник Чемпионата СССР по авто-мото туризму, 5000 тыс. км - по маршруту Алматы-Тюнь-Центральный Тянь-Шань- Уланбелль-Бетпақдала-Каражал-Балхаш-Талды-Курган-Лепсы-Алматы.

Первопрохождение 2900 км по Бетпақдале, по горам Тянь-Шаня. Серебряный призёр чемпионата СССР. Школа инструкторов горного туризма, экскурсоводов-гидов.

Экспедиция по маршруту Ч.Уалиханова 2001-2010 год. Экспедиция: Атажуртка, саяхат по Жетысуйскому региону. Первая Казахстанская автомобильная научная экспедиция на Южный полюс в ноябре 2011 года. Покоритель Южного полю-



са, научный руководитель научной познавательной экспедиции «Легенды Казахстана-2012».

Кашгарская экспедиция по маршрутам Ч.Уалиханова (Великий Шелковый путь Центральной Азии 2014).

Он награжден золотым компасом Московской международной академии детского юношеского туризма и краеведения, так же имеет медаль «За верность детскому туризму».

Мазбаев О.Б. - одержимый путешественник, который совершает переходы на верблюдах через пустыни Средней Азии, поднимается на вершины Тянь-Шаня, Памира и Карпат.

Отрадно то, что нашего приглашенного Мазбаева О.Б. чествовали директор ГKKП «Областной Центр детского и юношеского туризма» к.п.н. Арманмурзаков и директор областного историко-краеведческого музея Кенжебай Мукушев.

Послушать лекции этого Великого Учёного было очень почётно и приятно для наших студентов!

Кроме лекций нам посчастливилось принять активное участие в программе круглого стола «Научно-экспедиционная деятельность доктора географических наук Мазбаева О.Б.». На данном мероприятии выступил с презентацией о семинарах инструкторов туризма главный специалист управления туризма Акмолинской области Касымов С.Р. А в поддержку детского туризма много интересного сообщил главный специалист ГKKП «Областной Центр детского и юношеского туризма» Дюсекеев С.Б.

К.с/х.н., и.о. профессора Хусаинова РазьяКаирбековна поблагодарила всех гостей за активное участие и к.б.н., и.о. доцента Курманбаеву Айгуль Сапарбековну за интересный круглый стол! Как ЗДОРОВО, что благодаря ходайтасту заведующей кафедрой географии экологии и туризма к.б.н. Фахруденовой Идибулатовны мы воочию увидели настоящего Героя нашего времени, уникального путешественника и легендарного человека из Книги Рекордов Гиннеса!

Академический доцент кафедры географии, экологии и туризма КГУ им.Ш.Уалиханова. Канитаева Карима

Дәстүрлі «Шоқан тағылымы -19» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясы

2015 жылдың 17 сәуір күні Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің салтанат залында бүкіл түркі халықтарының мақтанышы, қазақтың тұңғыш ғалымы, ұлы ағартушы, философ, этнограф, саяхатшы, тарихшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың 180 жылдығына арналған дәстүрлі «Шоқан оқулары – 19» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Аталмыш іс-шара Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің бас оқу ғимараты алаңындағы ұлы ғалым Шоқан Шыңғысұлының құрметіне қойылған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімінен басталып, университет мұражайын аралаумен жалғасын тапты.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ бірінші проректоры Т.Н. Жаркынбеков салтанатты мәжілісті өзінің құттықтау сөзімен ашып, конференцияға қатысушылардың жұмыстарына сәттілік тіледі.

Бұдан кейінгі сөз кезегін алған жерлесіміз, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, драматург Ерғалиев Жабал Ерғалиұлы, Ақмола облысы әкімінің орынбасары Нұркенов Нұрлан Жаңбыршыұлы, Ш.Уәлиханов атындағы КМУ «Өңірлік зерттеу институтының» директоры, тарих ғылымдарының докторы, Көкшетау қаласының құрметті азаматы Әбуев Қадыржан Қабыденұлы да өздерінің құттықтау



сөздерін айтып, жылы лебіздерін білдірді. Сонымен бірге, конференция барысында ЖОО-ның дайындық бөлімінің тыңдаушысы, алыстан келген қандасымыз – Қытай елінің азаматы Қыран Сәрсенбай ұлы ғалым Шоқан туралы сөз қозғап, ҚХР-да да оның есімінің кеңінен танымал, әрі құрметті екенін айтып өтті. Отырыс барысында Шоқан бабамыздың тікелей ұрпақтарынан және еліміздің жоғары оқу орындарының басшылары атынан құттықтау жеделхаттары келіп түсті.

Конференция жұмысының барысында ғылымның түрлі салалары бойынша өзекті мәселелер қарастырылды. Секциялық отырыстар 15 ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша өткізілді. Аталған конференцияға 425-тен астам мақалалар мен баяндамалар келіп түсті.

Алқалы жиынға алыс және жақын шетелдерден келген қонақтар саны: 7-шетелдік (Польша-1, Хакасия-1, Омск-3, Томск-2) және 60 қазақстандық ғалымдар.

Баяндамаларын жіберген ғалымдар: Польша,

Венгрия, Ресей, Татарстан, Өзбекстан, Хакасия, Якутия, Қырғызстан және қазақстаннан 225 адам.

Атап айтатын болсақ, А.Мицкевич атындағы Познань университетінің Азиятану кафедрасының «Түркітану, монғолтану және кәрістану» бөлімінің профессоры Ақтай Гулайхан, Хакасия Республикасы, Абакан қаласындағы «Хакасия Республикасының тіл, әдебиет және тарих ғылыми-зерттеу институты» әдебиет секторының ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. - Майнагашева Нина Семеновна, Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің профессоры - Исачкин Сергей Павлович, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің филология ғылымдарының докторы, профессор - Жумагулов Сағымбай Ботбайұлы, Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің химия ғылымдарының докторы, профессор - Фисюк Александр Семенович, ҚР Мемлекеттік орталық кинофотокүжаттар және дыбыс жазбалары мұрағаты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты - Сатаева Сауле Амантайқызы қатысты.

«Шоқан тағылымы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы жастардың ғылыми ой-санасын дамытуға мүмкіндік туғызатын зерттеу жұмысына тартуға бағытталған маңызды шара болып табылады.

Конференция Шоқанның туған жері Сырымбет ауылындағы «Айғаным» тарихи-мемориалдық кешеніне және «Шоқан Уәлиханов атындағы тарихи-этнографиялық мұражайға» мәдени-рухани экскурсия жасаумен аяқталды.

«Сөйлеу мен тілдегі сөз: филология ғылымдарындағы қолданбалы зерттеулер» V Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы



2015 жылдың 16 сәуірі күні Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің салтанат залында филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтаньяев Оғаз Арыстанғалиұлын еске алуға арналған «СӨЙЛЕУ МЕН ТІЛДЕГІ СӨЗ: ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР» V Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ашылу рәсімі өтті.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-дің бірінші проректоры Т.Н.Жаркынбеков өзінің құттықтау сөзімен аталмыш шараны ашты.

Конференцияның мақсаты: Қазақстандағы филология ғылымының жай-күйі мен даму келешегін талқылау, маңызды мәселелері мен оларды шешу жолдарын белгілеу, тіл білімі және әдебиеттану саласындағы қолданбалы зерттеулердің басымды бағыттарын анықтау.

Конференцияға шетелдік ғалымдар, еліміздің түкпір-түкпірінен келген филолог-ғалымдар, жас зерттеушілер және мектеп ұстаздары қатысты.

Конференция аясында өткізілген пленарлық мәжілісте А.Абдрахманов пен О.А.Сұлтаньяевтың «Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігінің» тұсаукесері болып, қазақ, орыс және шетел филологиясы бағыттары бойынша секциялық отырыстар өткізілді.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары: 1.Қазіргі заманғы ғылыми парадигмадағы қазақ филологиясының өзекті мәселелері 2. Қазақстан русистикасының басымды бағыттары: қазіргі жай-күйі мен келешегі 3. Шет тілін үйрену және мәдениаралық

коммуникация контексіндегі аударма теориясы

Конференция аясында «Филология ғылымдарын зерттеуді әдістемелік және ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыздандыруды жетілдіру» ғылыми семинары өткізілді.

Семинардың мақсаты: филология ғылымдарының өзекті мәселелеріне қатысты теориялық-әдістемелік тәжірибелер мен зерттеу нәтижелерін қорытып жинақтау үшін ҚР БҒМ-нің гранттық қаржыландыруы аясындағы ғылыми жобаларды жүзеге асыратын қазақстандық ғалымдарды біріктіру.

Семинарға қатысу үшін ҚР БҒМ грантпен қаржыландыратын ғылыми жобалардың зерттеу нәтижелеріне қатысты идеяларымен, қорытындыларымен, нақты ұсыныстарымен бөлісе алатын жетекшілері шақырылды.

Семинардың негізгі бағыттары: 1. Отандық ғылымды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды әрі бөлінбес құрамы ретіндегі ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру.

2. Қазақстан ғалымдарының филология ғылымдары саласындағы қолданбалы зерттеулері.

3. Филология саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша ұсыныстарды әзірлеу технологиялары.

Семинар жұмысына шетелдік ғалымдар кеңесшілер ретінде қатысты.

Конференция соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.



V международная научно-практическая конференция «Слово в языке и речи: прикладные исследования в филологических науках»

16 апреля 2015 года в актовом зале КГУ имени Ш.Уәлиханова прошла церемония открытия V Международной научно-практической конференции «Слово в языке и речи: прикладные исследования в филологических науках», посвященной памяти доктора филологических наук, профессора Сұлтаньяева Оғазы Арыстанғалиевича.

Мероприятие с поздравительным словом открыл первый проректор КГУ имени Ш.Уәлиханова Жаркынбеков Т.Н.

Цель конференции: обсудить состояние и перспективы развития казахстанской филологической науки, наметить актуальные проблемы и пути их решения, обозначить приоритетные направления прикладных исследований в области языкознания и литературоведения.

В конференции участвовали зарубежные ученые, ученые-филологи Казахстана, молодые исследователи и учителя школ.

В рамках работы конференции прошли: пленарное заседание, презентация словаря А. Абдрахманова, О.А. Сұлтаньяева «Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігі», секционные заседания по направлениям казахской, русской и иностранной филологии.

Основные направления работы конференции: 1. Актуальные проблемы казахской филологии в современной научной парадигме.

2. Приоритетные направления казахстанской русистики: современное состояние и перспективы.

3. Изучение иностранного языка и теория перевода в контексте межкультурной коммуникации.

В рамках конференции прошел научный семинар «Совершенствование методологического и научно-методического обеспечения исследовательской деятельности в филологических науках».

Цель семинара: объединение казахстанских ученых, работающих над научными проектами в рамках грантового финансирования МОН РК, для обобщения теоретико-методологического опыта и результатов исследований по актуальным проблемам филологических наук.

Для участия в семинаре были приглашены руководители научных проектов, имеющих грантовое финансирование МОН РК, которые смогут обменяться идеями, выводами, предложениями и практическими рекомендациями по результатам исследований.

Основные направления работы семинара:

1. Грантовое финансирование научных исследований как значимая составляющая государственной политики в сфере развития отечественной науки.

2. Прикладные исследования казахстанских ученых в области филологических наук.

3. Технологии выработки рекомендаций по научным исследованиям в области филологии.

В работе семинара приняли участие зарубежные ученые, которые выступили в качестве консультантов.

Всем участникам конференции были вручены сертификаты.

Теория и практика всегда вместе

В рамках взаимодействия теории с практикой 27 апреля 2015 г. 27.04.2015 года студенты 2 курса специальности Юриспруденция КГУ им. Ш. Уалиханова были приглашены на «День открытых дверей», организованного специализированным межрайонным судом по делам несовершеннолетних Акмолинской области. Данный Суд в Кокшетау появился 2 июля 2012 года.

Суды по делам несовершеннолетних создаются как суды комплексной юрисдикции, к подсудности которых отнесены не только уголовные дела о преступлениях, совершенных несовершеннолетними и уголовные дела о преступлениях, непосредственно нарушающих права несовершеннолетних, но и:

- гражданские дела об определении места жительства ребенка, о лишении (ограничении) восстановления родительских прав; об усыновлении ребенка; по спорам, возникающим из опеки и попечительства (патроната) над несовершеннолетними детьми;

- дела об административных правонарушениях (посягательство на права несовершеннолетних - невыполнение родителями или лицами, их заменяющими, обязанностей по воспитанию детей; вовлечение несовершеннолетнего в совершение административного правона-

рушения и другие).

Специализированный межрайонный суд по делам несовершеннолетних расположен на 3-ом этаже здания Акмолинского областного суда.

В ходе мероприятия ребята посетили залы судебных заседаний, которые оборудованы самым лучшим оборудованием для проведения судебных слушаний, узнали возможности применения инновационных технологий в процессе судопроизводства. Студенты почувствовали атмосферу отправления правосудия, ознакомились с особенностями работы данного суда. Ребята посетили кабинет психолога где судьи объяснили им работу которую выполняет судья при отправлении правосудия участниками которого являются дети. Студенты получили исчерпывающие ответы на интересующие их вопросы. Многие знания, которые ребята зна-



ли теоретически, закрепили ответами профессионалов судей.

Судьи пригласили ребят на практику, а студенты в свою очередь пригласили судей к себе

в гости для знакомства со своим факультетом.

Заведующий кафедрой Юриспруденция КГУ им. Ш. Уалиханова Абдилов К.С.

Будущее определяется сегодня



В рамках заключенного Меморандума о сотрудничестве в Прокуратуре Акмолинской области 23 апреля 2015 года прошел День открытых дверей, в котором приняли участие выпускники специальности юриспруденция КГУ им. Ш. Уалиханова.

Перед студентами выступили начальники структурных подразделений аппарата прокуратуры области. Они рассказали об основных направлениях надзорной деятельности органов прокуратуры и особенностях службы. Особо отмечались высокие требования,

предъявляемые к кандидатам на должности в органах прокуратуры.

Старшие товарищи обратили внимание на то, что решение работать в органах прокуратуры должно быть осознанным, так как требует ответственности, дисциплины, высокого профессионализма. Были полезными советы о необходимости помимо тщательного изучения законодательства, изучение информационных систем.

Сотрудник областной прокуратуры проинформировал об изменениях в Законе «О пра-

воохранительной службе» в части приема на службу. Так, принимаемые на службу в правоохранительные органы граждане в обязательном порядке проходят медицинское и психофизиологическое освидетельствование, в том числе полиграфологическое исследование. В докладе отмечена важность формирования законопослушного поведения, морально - психологической устойчивости будущих работников правоохранительных органов.

Начальник управления кадровой работы Алеева Г.Т. ознакомила с основными положениями Концепции кадровой политики правоохранительных органов РК. Отметила важность развития мотивации выпускников для поступления на службу в органы прокуратуры. Охарактеризовала основные этапы проведения конкурса и стажировки для занятия должностей в органах, ведомствах и учреждениях прокуратуры.

В связи с этим, остановилась на проводимой доконкурсной процедуры поступления на службу в органы прокуратуры.

Рассказала о формировании Единого республиканского Пула студентов, направленного на поиск наиболее способных студентов, обладающих высоким потенциалом для поступления на службу, о необходимости развития их интереса и мотивации к службе в органах прокуратуры, который размещается на ведомственном портале и доступен для всех территориальных органов прокуратуры.

Для участия в Пуле студентов, студентам необходимо предоставить согласно предъявляемым требованиям (заполненные анкеты и

эссе на тему «Почему я хочу служить в органах прокуратуры») для их дальнейшего привлечения к участию в конкурсах на службу. Наши выпускники живо откликнулись на это предложение.

В ходе беседы наши выпускники имели возможность задать интересующие их вопросы. Далее была проведена экскурсия по музею областной прокуратуры.

Ранее студенты выпускных курсов на основании заключенных договоров прошли производственную практику в прокуратуре Акмолинской области, также в ДВД Акмолинской области, в Акмолинском областном суде, в Департаменте юстиции и ЦОН по Акмолинской области. В период практики студенты смогли закрепить и углубить теоретические знания, полученные на учебных занятиях, приобрести и совершенствовать профессиональные умения и навыки по правоохранительной деятельности.

Также сотрудники правоохранительных органов являются частыми гостями университета при проведении различных конференций, семинаров и воспитательных мероприятий. Был заключен Меморандум о сотрудничестве между Акмолинским областным филиалом Союза юристов Казахстана и юридической клиникой при кафедре юриспруденции. Эти и другие меры направлены на реализацию принципа социального партнерства, целью которого является подготовка профессионально и социально ориентированного специалиста, отвечающего требованиям времени.

С.Ж. Сейтенова, Ст. преподаватель кафедры юриспруденции

«Қазақстан халықтарының менталитеті: жалпы және ерекше» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығын мерекелеу аясында Отандық тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы Ш. Уәлиханов атындағы КМУ кітапханасымен бірлесіп «Қазақстан халықтарының менталитеті: жалпы және ерекше» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шараға кафедра оқытушылары, филология-педагогика және жаратылыстану факультетінің 1 курс студенттері қатысты. Кітапхана қызметкерлері «Ел бірлігі-татулық кепілі» тақырыбы бойынша көрме ұйымдастырып, тарихи кітаптар, журналдар, мерзімді басылымдар материалдарын ұсынды.

Дөңгелек үстелді кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Г.Т.Каженова құттықтау сөзімен ашты. Дөңгелек үстелдің модераторы – кафедраның аға оқытушысы Г.Б.Қарсакова.

Этностар арасындағы төзімділік пен қоғамдық келісім – республиканың игілігі, оның басты құндылығы. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан қоғамындағы ауызбіршілікті нығайтатын маңызды құрылым болып табылады. Оның бірегей әрі өте құнды тәжірибесі әлемдік құрметке ие болды.

Іс-шараны талқылауға «Биотехнология», «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 1 курс студенттері: Ибраева Айнұр, Овчинникова Анастасия, Есмағамбетова Камила, Уланова Юлия, Якименко Елизавета, Васильева Устина, Жувасова Лейла белсене қатысты.

Қазақстан қоғамындағы демократиялық дамудың әлеуметтік-мәдени құндылығы ретіндегі ұлттық менталитеттің ерекшеліктері, Қазақстан халықтарының ұлттық сипаты



карастырылды. Қазақ жерінде түрлі ұлттардың өкілдері бір шаңырақ астына топтасқан. Қазақстан Республикасының аумағында 16 миллионнан астам адам бейбітшілік пен келісім аясында өмір сүріп жатыр.

Дөңгелек үстел өте қызықты да мазмұнды өтті. Дөңгелек үстелдің қатысушылары көптің және көпконфессиялы Қазақстанда саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімнің сақталуын қамтамасыз ететін Қазақстан халқы Ассамблеясының бірегей қоғамдық институт ретіндегі аса маңызды рөлін атап өтті.

Круглый стол на тему «Менталитет народов Казахстана: общее и особенное».

